

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
САЛАСЫНДАҒЫ САПАНЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІ» РММ



РГУ «КОМИТЕТ ПО ОБЕСПЕЧЕНИИ
КАЧЕСТВА В СФЕРЕ НАУКИ И
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
МИНИСТЕРСТВА НАУКИ И
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8,
тел: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік е
тел: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

Д. Серікбаев атындағы
Шығыс Қазақстан
техникалық университеті

2025 жылғы 18 қыркүйектегі
№ 08/1842 шығыс хатқа

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде (бұдан әрі – Университет) **8D053 Физикалық және химиялық ғылымдар** даярлау бағыты (8D05301 (6D072300) Техникалық физика және 8D05302 Техникалық физика білім беру бағдарламалары) бойынша диссертациялық кеңес ашу туралы хатыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Диссертациялық кеңестер құру туралы ерекше мәртебесі жоқ жоғары оқу орындарының құжаттарын қарау жөніндегі комиссия тарапынан Университеттің құжаттарына Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің¹ (бұдан әрі – Үлгі ереже) талаптарының сәйкестігіне сараптама жүргізіп, Университетте **8D053 Физикалық және химиялық ғылымдар** даярлау бағыты (8D05301 (6D072300) Техникалық физика білім беру бағдарламасы) бойынша диссертациялық кеңес ашу ұсынылды (*Комитет төрағасының 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 1738 бұйрығы*).

Диссертациялық кеңес Үлгі ереженің 3-тармағына сәйкес 3 жылға құрылды.

Университеттің **8D053 Физикалық және химиялық ғылымдар** даярлау бағыты (8D05301 (6D072300) Техникалық физика білім беру бағдарламасы) бойынша диссертациялық кеңестің тұрақты құрамына ұсынған

¹ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығы

4 үміткердің (Кожухметов Е.А., Уазырханова Г.К., Скаков М.К., Мухамедов Н.Е.) Үлгі ереженің 9-тармағының 1) тармақшасына сәйкес соңғы 5 жылдағы халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдары бар.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесінің 3-уі осы Университеттің өкілдері, ал 1-уі ғылыми ұйымның өкілі және осы диссертациялық кеңесте қорғауларды ұйымдастырғанда Үлгі ереженің 5 және 8-тармағына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелер қатарында басқа ЖЖОКБҰ-ның өкілі мен шетел ғалымы болуы керек екенін мәлімдейміз.

Үлгі ереженің 4-тармағының 5) тармақшасына сәйкес мәтінді пайдалануды анықтаудың, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйесінің болуын растайтын құжаттың көшірмесінің қолдану мерзімі **2026 жылғы 07 сәуірге дейін** екенін назарға алуды және тиісті жұмыс атқаруды сұраймыз.

Сондай-ақ, **8D05302 Техникалық физика** білім беру бағдарламасы Үлгі ереженің 4-тармағының 5) тармақшасына сәйкес қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйесінің болуын растайтын құжат Аккредиттелген білім беру бағдарламалары тізілімінен (Тізілім-3) табылмады.

Маңызды: Университет тарапынан жоғарыдағы талаптарды ескермеген жағдайда докторанттардың диссертациялық жұмыстарының қорғауы туралы хабарламалар Комитет сайтына жарияланбайтынын ескертеміз.

Ерекше мәртебесі жоқ оқу орындарының диссертациялық кеңестер тізімі Комитет сайтының «Қызметі» сілтемелер бөлімінде орналастырылған.

Төрағаның орынбасары

Ғ. Есенбаев

Подпись канцелярии

02.10.2025 10:24 АЙТКУЖИНОВА АЙЖАНА

Подпись руководителя

02.10.2025 10:14 ЕСЕНБАЕВ ГАНИ



Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ 2442 от 02.10.2025 г.
Организация/отправитель	НАО "ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Д. СЕРИКБАЕВА"
Получатель (-и)	МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Электронные цифровые подписи документа	 Республиканское государственное учреждение "Комитет по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан" Подпись руководителя: ЕСЕНБАЕВ ГАНИ MII5mgYJ...bVQ/tYQ8= Тип: НУЦ Время подписи: 02.10.2025 10:14
	 Государственное учреждение "Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан" Подпись канцелярии: АЙТКУЖИНОВА АЙЖАНА MIIIR4gYJ.../I8jMrw== Тип: НУЦ Время подписи: 02.10.2025 10:24

[[QRCODE]]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверяемый посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.